

БӨЛІМ: ХИМИЯ

Металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуі. №3 зертханалық тәжірибе «Металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуі»

ЖАРИЯЛАНДЫ
08.09.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/81069/>

Сабақ «№17 жалпы орта білім беретін мектеп» химия және биология пәні мұғалімі
Күні: Мұғалімнің есімі Калиева Гульнар Манатбековна
Сынып: 8 Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы Металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуі. №3 зертханалық тәжірибе «Металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуі»
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) 8.2.4.4- қышқыл ерітінділеріні әртүрлі металдардың реакцияларын зерттеу
8.2.4.5-металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыру
Сабақтың мақсаттары Барлық оқушылар: Металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесу белсенділігінің әртүрлі болуын білу
Оқушылардың басым бөлігі: Металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін дұрыс құру Кейбір оқушылар: Тақырыпта берілмеген металдардың қышқылдармен реакция теңдеулерін құруы және реакция өнімдерін салыстыру
Бағалау критерийі — Қышқылдармен жұмыс істеу ережесін біледі
-Металдардың қышқылдармен әртүрлі әрекеттесетінін түсіндіреді
-Металдарды белсенділіктеріне қарай ажыратады
-Қышқылдармен жұмыс істегенде сақталатын қауіпсіздік ережесін сақтайды
-Реакцияға қатысатын реагенттердің ,өнімдердің химиялық формулаларын жазады атайды және салыстырады.
Тілдік мақсаттар

Оқушылар маңызды қышқылдарды атайды,қышқылдармен жұмыс істеудегі қауіпсіздік ережелерін айтып бере алады пәндік терминдерді қолдана отырып химиялық реакциялардың жүруін түсіндіреді

Негізгі сөздер мен тіркестер:Тұз қышқылы ,күкірт қышқылы,хлоридтер сульфаттар ,металдардың белсенділік қатары

Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:Сіз қышқылдармен жұмыс істегенде неліктен сақ болу керек екенін айта аласызба?

Сутек газының тазалығын қалай тексеруге болатыны жөнінде не айтасыз?

Металдардың белсенділік қатарында сутегіне дейін орналасқансұйытылған қышқыл ерітінділерімен әрекеттескенде газын бөледі.Белсенділігі төмен металдар сұйытылған қышқылдармен әрекеттескенде.....газы бөлінбейді.

Құндылықтарға баулу Зайырлы қоғам және жоғары руханият

Пәнаралық байланыс Биология:Қышқылдардың ағзаға зиянды әсері

Физика:Заттардың газтәріздес күйі.

Алдыңғы білім Сұйытылған қышқылдардың металдармен әрекеттесуі

Сутек газының тазалығын тексеру 7- сынып Химия

Жоспар

Жоспарланған уақыт Ресурстар

Басталуы

5 минут Ұйымдастыру.

Топтастыру:Оқушылар үстел үстіндегі 3 түрлі түсті жұлдызшаларды алады.Қызыл түсті жұлдызшалар алғандар «Белсенді металдар»,Көк түсті жұлдызшалар алғандар «Орташа белсенді металдар »,Сары түсті жұлдызшалар алғандар «Белсенділігі төмен металдар» деп жазулы тұрған үстелдерге орналасады.

Әр түрлі түсті жұлдызшалар

Тапсырма 1Үй тапсырмасын «Қар кесегі»әдісі арқылы сұрау.Оқушылар үй тапсырмасы бойынша қағазға жазылған сұрақтарын бір -біріне лақтырып одан жауап алады.

Қалыптастырушы бағалау « Шаттық шапалағы»

Ақ қағаз қалам

Ортасы

22 минут

Тапсырма 2: Әр топта бір бір себеттер тұр. «Идеялар себеті» әдісі бойынша топтың әр оқушысы 7-сыныпта өтілген «Сұйытылған қышқылдардың металдармен әрекеттесуі»тақырыбы бойынша білетіндерін қағазға жазып себетке салады.Топтағы бір оқушы себеттегі сұрақтарды дауыстап оқиды.Оны келесі топқа береді сөйтіп топ арасында себеттермен алмасады.Одан соң оқулықтағы мәтінді әр топ оқып, білімдерін толықтырып Постер әдісі арқылы жұмыстарын қабырғаларға іліп қорғайды.

«Ай»әдісі арқылы әр топ жұмысы бағаланады.

Себеттер.

Толық ай – толық мәлімет берген топ ие болады

Жарты ай-әліде толықтыруды қажет ететін топ бағаланады.

Тапсырма 3. Берілген металдардың қайсысы сұйытылған күкірт қышқылының ерітіндісімен әрекеттеседі? Іс жүзінде жүретін реакциялардың теңдеулерін жазыңдар.

Ca Mg Fe Pb Cu Al Zn

Қалыптастырушы бағалау: Бас бармақ

Тапсырма 4

«Кім жылдам» Реагенттер мен өнімдерді сәйкестендіріңдер:

Реагенттер Өнімдер

Темір+күкірт қышқылы

Сынап + тұз қышқылы

Барий +күкірт қышқылы Темір (II) сульфаты+сутек

Реакция жүрмейді

Барий хлориді+сутек

Барий сульфаты+сутек

Сынап хлориді+сутек

Қалыптастырушы бағалау:»Смайликтер арқылы»

Зертханалық жұмыс №3 «Мырыштың сұйытылған тұз қышқылымен әрекеттесуі» Әр топ өздеріне берілген металл мырыштың тұз қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуін зерттеп, бақылау жүргізіп, реакция теңдеулерін жазады, қорытынды жазады.

Аяқталуы

3 минут

Үйге тапсырма Тапсырма 4

Қолданылатын әдіс-тәсіл: Бруме әдісі

Металлдар белсенділігіне байланысты 4- шумақ өлең құрастыр.

Қалыптастырушы бағалау:Қол шапалақтау

12 -параграф оқу 52-бет 4- жаттығу

Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз? Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?

Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау

Жазу керек//////////

Сабақ бойынша рефлексия

Жалпы бағалау Қандай екі нәрсе табысты болды? 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды? 1.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.